

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРАЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**ҚАШЫҚТЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ:  
ЖАҒАНДЫҚ АУҚЫМДАҒЫ ЖАҢА СЫН-ҚАТЕРЛЕР**

III Бөлім

**ДИСТАНЦИОННОЕ ОБРАЗОВАНИЕ:  
НОВЫЕ ВЫЗОВЫ ГЛОБАЛЬНОГО МАСШТАБА**

Часть III

**DISTANCE LEARNING:  
NEW CHALLENGES ON A GLOBAL SCALE**

Part III

Нұр-Сұлтан, 2020

УДК 378  
ББК 74.58  
Д 48

Главный редактор: **Сыдыков Е.Б.**

Заместитель главного редактора: **Онгарбаев Е.А.**

Члены редакционной коллегии: **Ильясова А.С. (ответственный редактор), Сеилов Ш.Ж., Козыбаев Д.Х., Нурмодин Е.Е., Бейсенбай А.Б., Бекманова Г.Т., Мукажанова Л.Г., Дюсекеев К.А., Кушенова Г.И., Адамов А.А., Омарбекова А.С., Рахметулина Ж.Б., Алдонгаров А.А., Байхожаева Б.У., Бейсенова Р.Р.**

**Д 48 Дистанционное образование: новые вызовы глобального масштаба: сборник статей/главный редактор Сыдыков Е.Б. – Нур-Султан: ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, 2020. – 260 с.**

**ISBN 978–601–337–389–8**

В данном сборнике, подготовленном Евразийским национальным университетом имени Л.Н. Гумилёва, представлены материалы международной конференции на казахском, русском и английском языках по вопросам дистанционного образования.

Выступления участников конференции посвящены актуальным проблемам и перспективам актуальных задач в области применения дистанционных технологий и распространение эффективного инновационного опыта на международном уровне.

Сборник рекомендован всем участникам образовательного процесса для обмена педагогическим опытом и дальнейшего повышения квалификации.

ISBN 978–601–337–389–8

УДК 378  
ББК 74.58

© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, 2020  
© Институт повышения квалификации и дополнительного образования, 2020

## КӨШПЕНДІЛЕР ТАНЫМЫНДА – АСЫҚ

**Молдабай Талғат**

*talgatmoldabay@mail.ru*

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Түркітану кафедрасының доценті, PhD доктор

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Асық – көшпелілердің негізгі шаруашылық көзі болған төрт түлік мал тілерсегінен алынатын, шымыр сүйек. Асық сөзі еуразия далалық аймағын мекендеуші этностар тарапынан ашық (қарачай-балқар), шагай (моңғол), ашык, чүкө (қырғыз), аşıк (түрік) деп аталады. Орыс тілінде де «альчик» (кость чаше) сөзі кездеседі.

Асықты Еуразиялық далалық аймағын мекендеуші этностар ежелден ойын ойнауға, бал ашуға және қорғаушы рәміз ретінде қолданған. Көне түріктер қасқырды кие тұтса, оның асығын пәледен қорғайтын тұмар ретінде таққан. Тәуешкі, арқар, киік сияқты аңдардың асықтары да шымыр, салмақтылығына және ірілігіне байланысты ойындарда сақа ретінде пайдаланылған. Еуразия далалық аймақтарында қола дәуірі мен ерте темір дәуірінен бастап Түркілер өмір сүрген дәуірге дейін жерлеу орындарында асық кездесе бастайды. Қола дәуірі жерлеу орындарында асықтың кездесуіне байланысты Е.В. Купряновтың, С.С. Марковтың, А.М. Сагаливтің еңбектерінде кездеседі. Олар археологиялық олжа ретінде асықтың бұл дәуір мәдениеттеріндегі танымына байланысты өз анықтамаларын жасап, түсініктемелерін келтірген. Олардың барлығы дерлік асықты бала ойындарындағы бір атрибут ретінде түсіндірген. С.В. Сотникова ханым өз зерттеулерінде бала жерлеу орындарында табылған асыққа қатысты мәліметтерді бала жасының ерекшелігіне байланысты екі топқа бөліп қарастырады. Бірінші топта 5-7 жас аралығындағы кішкентай балаларға тиесілі жерлеу орындарында асық санының аздығы мен 8-14 жас аралығындағы бала жерлеу орындарында бірінші топтағыларға қарағанда әлдеқайда көп асық санының кездесетіндігіне тоқталып, бұл жағдайдың жасы үлкен балалардың мақсатты түрде өз меншігі болып табылатын асықтарды көбірек жинауға олардың

жас үлкендігі мен ептілігіне тікелей байланысты екендігімен түсіндірген. Кіші жастағылар жақындарының берген асығымен шектелген. Олардың ойындарда өздерінен әлдеқайда епті, тәжірбиелі үлкен балаларды ұту мүмкіндігінің төмендігіне тоқталған. Бұл дала көшпелілерінің меншік құқы мен ептілігін шыңдайтын бала тәрбиесінің бір бөлшегі, дала мәдениетінің айрылмас бір құрамы ретінде түсіндірген [С.В. Сотникова. Детские погребения с наборами асыков и роль игры в обществах степного населения эпохи бронзы // Вестник археологии, антропологии и этнографии. – 2014. – №:2 (25). – С. 26-34].

Моңғол ғалымы Н. Батболд Моңғолияның Архангай аймағы, Улаан ауылдық округына қарасты Голмод қорғанынан табылған Ғұн дәуіріне тиесілі жерлеу орынында табылған асықтарға арнайы таңбалар ойылған. Ғалым бұл таңбалардың сол кезеңдегі тас бетіне, тұрмыстық заттарға таңбаланған таңба сұлбаларымен ұқсастықтары негізінде бұл таңбалардың тайпаларға тиесілі меншіктік таңбалар екендігіне назар аударып, бұл асықтардың да меншік құқы негізінде әкеден балаға мұра болып қалған болуы мүмкін деген қортындыға келген [ Н. Батболд. Хүннүгийн хадны зураг // Studia Archaeologica Instituti Archaeologici Academiae Scientiarum Mongolicae. – Т. XXXI. – UB, 2011. – С. 26-39].

Қазақ ғалымдары У.У. Умиткалиев, Д.Т. Тлеугабуловтардың «Асыки и их роль в мировоззрении кочевников» атты мақалаларында асық тек ғана балалардың ойыны ғана емес, жалпы көшпелілер мәдениетінің бір бөлшегі ретінде қарастырған. Олар асықтың дала көшпелілерінде бал ашу, әсемдік бұйымы, жетіген сияқты музыкалық аспаптардың бөлшегі, күнделікті киімдерде түйме ретінде әр түрлі салада қолданылғандығын алға тартады. Атаалмыш ғалымдардың 2014 жылы Шығыс Қазақстан облысы аумағында қола дәуірі кезеңіне тиесілі жерлеу орнында жүргізген қазба жұмыстарында жерлеу мүрдесінің аяқ жағына қойылған, қына бояумен боялған ішінде арқардың асығыда бар 140 асық табылған [У.У. Умиткалиев, Д.Т. Тлеугабулов. Асыки и их роль в мировоззрении кочевников // Религиозный фактор в истории древних и средневековых народов Евразии. – Астана: ЕНУ, 2018. – С. 37-42]. Асықтардың қына бояумен боялуы және кейбір асықтардағы тесіктердің болуы бұл асықтардың жіпке тізілгендігін анық білдіріп, асықтардың тек ғана бала ойыны ретінде қарастыруға болмайтындығын білдірсе керек.

Көшпенділер шаруашылығының басты көзі болған мал шаруашылығы көшпелілер өмірі мен мәдениетіне өшпестей үлкен із қалдырғаны белгілі. Негізгі шаруашылығы болған мал өнімдері, еті, сүті – ас болса, оның терісі, жүні, түбіті – киім, ал сүйектері – түрлі құралдар, тезегі – отын ретінде пайдаланылады. Бұл көшпелілердің шаруашылығының негізгі көзі болған мал өнімін ешқандай қалдықсыз толық игергендігінің белгісі. Осы атаалмыш мал өнімдерінің ішіндегі негізінен ұлттық ойын түрінің құралы ретінде танылған «Асық» көне көшпелілер танымында ерекше орынға ие. Асық алдымен дала көшпелілерінің бала тәрбиесіндегі негізгі құралы. Баланы ептілікке, мергендікке, сергектікке, ұқыптылыққа, санап үйренуге тәрбиелеу құралы болған. Дала көшпелілерінің тікелей жалғасы болып табылатын түркі, моңғол халықтарының көбісінде ұлттық ойын ретінде қабылданған асық ойынының көптеген түрі кездеседі. Асық ойынының басты объектісі, құралы – Асық. Асықтың иірілу барысында орналасу түрлеріне (позиция) байланысты асық орналасуы және асықтың физиологиялық ерекшелігіне байланысты атаулары бар.



*Асық, Сурет №1*

Асықтың физиологиялық ерекшелігіне байланысты аталуы:

Сақа – асықтың үлкен әрі шымыр түрі. Бұл асық жеткен еркек қойдан немесе серкеден алады;

Кеней – ортаңқол қарапайым асықтар;

Шүкейт – кішкентай жас малдың асығы;

Қойлық – қойдың асығы;

Ешкімек – ешкінің асығы;


Құлжа – сақа ретінде қолданатын құлжа асығы;

Көктабан – қорғасын құйылған салмақты сақа асық;

Топай – сиырдың асығы;

Жабай – ірі асық;

Қолқар – сақа ретінде пайдаланатын арқар асығы.



*Ж.Шайкеннің асықтың ііру барысында орналасу позициясына байланысты сызылған суреті.*

*Сурет №2*

Асықтың иіргенде орналасу барысына (позиция) қарай аталуы:

Алшы – асықтың қырыменен қуыс бетінің жоғары қарап орналасуы;

Тәйке – асықтың қырыменен дөңес бетінің жоғары қарап орналасуы;

Бүге – асықтың жанымен дөңес бетінің жоғары қарап түсуі;

Шіге – асықтың жанымен ойық бетінің жоғары қарап түсуі;

Омпы – асықтың ашасы немесе мұртша жағы жоғары қарап тік тұруы;

Шоңқай – асықтың жұмыр жағы жоғары қарап тік тұруы;

Асық ойыны барысында қолданылатын құралдар мен әдістер:

Көн киіз – асық ойнауға арналған төсеніш. Кигізден немесе қалың матадан жасалғандықтан асық атуға, қаржуға қолайлы. Асық ойынының түріне қарай, қатысушы санына қарай өзгеріп отырады;

Асық иіру – ойыншының ойын құралына сай асықты көң киіз үстіне шашу техникасы. Ойыншының ептілігіне байланысты иірілген асық ойын шартына сай біргелкі немесе алшы позициясында орын тебеді. Мысалы, бәйге ойынында ойыншы асық иіру ептілігі негізінде иірілетін төрт асықты омпы немесе алшы түсіруге тырысады, ал хан ату ойынында ойыншылардан жиналған асықтар қолға сыйуына байланысты бірнеше бөліп иіру арқылы өз ептілігіне сай асықтарды біргелкі түсіруге тырысады. Яғни, ойыншы ойын шартына сай асықтарды қалаған позициясында түсіруге тырысады;

Асық ату – бірдей позициядағы екі асықты қолдың кез келген саусағын пайдалана отырып шерту әдісі немесе нысана, шеңбер ішіндегі асықты межелі жерден шерту арқылы көздеу әдісі десекте болады. Бұл асық ойынының ең бір ептілікті қажет ететін әдісі;

Қаралық – ойыншының асық ойыны барысында ережеге сай келмейтін іс-әрекеттерді қолдануы. Бұл төрешілер тарапынан ескерту беру немесе ойыннан шығарылу арқылы жоғары қойылады;

Шеңбер – бұл асықтың «алаң» ойыны кезінде сызылатын тізілім шегі. Ойыншылар осы шеңбер сызығынан аспауы және ортадағы ойын асығына дөп тигізу арқылы ол асықты шеңбер сыртына шығару арқылы ұпай жинай алады;

Су – ойыншылардың алаңға тігілген асықты ату кезіндегі асық шерту немесе лақтыру бағыты;

Сөре – асық тігілген кіші шеңбер. Онда ойыншылардың көнге салған асықтары тізіледі;

Қарақшы – алтын сақа орналасқан нүкте;

Кезек – асық ойыншылардың ойынға қатысу реті. Кезек ойыншылар арасында асық иіру арқылы (кім көп алшы түсіреді) немесе жеребе тастау арқылы анықтайды;

Қаржу (қаршу) әдісі – құс деп аталатын асықты жоғары лақтырып, сол аралықта көндегі белгіленген асықты іліп алып, жоғары лақтырылған құсты (асық) жерге түсірмей қаржып алу әдісі;

Сауу әдісі – алақанға ұсталған асықтарды жоғары серпіп, серпілген асықтарды қолдың сыртына тұрғызып, тұрақтаған асықтарды қайта жоғары серпіп шашпай қолдың басын айналдыру арқылы алақанға жинау әдісі. Асық қаржу немесе бестас ойындарында қолданылады.

Жалпы асық ойыны көшпелілер мәдениетінің ажырамас бөлігі. Асық ойынының бала тәрбиесіндегі рөлі зор. Баланы ептілікке, мергендікке, ұқыптылыққа, санауға тәрбиелейтіндігін көптеген зерттеушілер өз тақырыптарына арқау еткен. Асық ойындары баланың жас ерекшеліктеріне қарай және жынысына қарай бірнеше топтарға бөлінеді. Мысалға бестас ойынын көбінесе қыз балалар ойнаса, бәйге ойынын кішкентай балалар ойнаған [Молдабай Т.,

Бутеев Б.О. Асық в культуре казахского народа: традиция и преемственность // Международная научно-практическая конференции «Урал-Алтай: через века в будущее» от 2 июля 2014. – Чобаксары, 2014. – С. 64-69]. Сонымен қатар асықты қорғаушы тұмар ретінде (әсіресе қасқыр асықтары), тұрмыстық киім үлгілерінде түйме, әсемдік үшін боялған асықтарды алқа ретінде қолданғандығын байқауға болады [У.У. Умиткалиев, Д.Т. Тлеугабұлов. Асыки и их роль в мировоззрении кочевников // Религиозный фактор в истории древних и средневековых народов Евразии. – Астана: ЕНУ, 2018. – С. 37-42]. Асықты үлкендер түрлі сайсытар мен бәс тігулерде иіру арқылы құмар тасы түрінде қолданған. Асықты ұлттық музыкалық аспаптарда тиек ретінде жетіген аспабында, моңғолдардың ұлттық аспабы ятга аспабында қолданылғандығын білеміз [Ә.Т. Төлеубаев. Қазақ халқы этнографиясының мәселелері. – Алматы, 2013. – Т.2. – Б. 496.]. Халық ауыз әдебиетінде «Алтын сақа» ертегісінде сақа, «Ер төстік» ертегісінде асық ойынап жүргендегі балалардың Ертөстікке асықтан жеңілгенде мазақтауы, тілек ретінде ісің алға бассын деген мағынада «Асығың алшысынан түссін», адамның мінез құлығын сипаттау мақсатында «тайдың асығындай», «сақа жігіт» сияқты сөз тіркестерінің көптеп кездесуі көшпелілер өміріндегі асықтың маңыздылығын атап өтсе керек. Расымен де «асық» көшпелілер өмірінде танымы терең, зерттеуді қажет ететін тақырып. Ол тек бала тәрбиесінде ғана қолданылып шектелмей, музыкалық аспаптарда, үлкендер арасындағы бәс тігу, сайыстарда, күнделікті тұрмыстағы киімдерде түйме, сәндік бұйым ретінде, қорғаушы киелік таным негізінде тұмар түрінде қолданылғандығын көреміз. Археологиялық жерлеу орындарында табылған асықтардың үстінде түрлі таңбалардың қолданылуы, асықты діни рәсімдерде қорғаушы тұмар ретінде кең көлемді қолданғандығының айғағы болса керек. Демек, асық көшпелілер мәдениетінің ажырамас бөлігі, танымы терең құбылыс.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. С.В. Сотникова. Детские погребения с наборами асыков и роль игры в обществах степного населения эпохи бронзы // Вестник археологии, антропологии и этнографии. – 2014. – №:2 (25). – С. 26-34.
2. Н. Батболд. Хүннүгийн хадны зураг // Studia Archaeologica Instituti Archaeologici Academiae Scientiarum Mongolicae. – Т. XXXI. – UB, 2011. – С. 26-39.
3. У.У. Умиткалиев, Д.Т. Тлеугабұлов. Асыки и их роль в мировоззрении кочевников // Религиозный фактор в истории древних и средневековых народов Евразии. – Астана: ЕНУ, 2018. – С. 37-42.
4. Молдабай Т., Бутеев Б.О. Асық в культуре казахского народа: традиция и преемственность // Международная научно-практическая конференции «Урал-Алтай: через века в будущее» от 2 июля 2014. – Чобаксары, 2014. – С. 64-69.
5. Ә.Т. Төлеубаев. Қазақ халқы этнографиясының мәселелері. – Алматы, 2013. – Т.2. – Б. 496.